



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ.ТҰРСЫНОВ

2024 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**«Абай оқулары»  
республикалық шығармашылық конкурсын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Ереже «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының заңына, және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы республикалық Абай оқуларының (бұдан әрі – Абай оқулары) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Абай оқуларының ұйымдастырушысы «Дарын» РҒПО және Абай облысының білім басқармасы.

3. Абай оқуларының негізгі мақсаты қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, мектеп оқушыларының классикалық әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

4. Абай оқуларының негізгі міндеттері Абай және Шәкәрім шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлылар поэзиясына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**II. АБАЙ ОҚУЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ**

1. Абай оқуларының қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 8-11(12) сынып оқушылары болып табылады. Республикалық қорытынды кезеңге облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатыса алады. Әр командада 6 оқушы (әр номинацияға – 1 оқушы) және 1 жетекші болуы тиіс.

2. Команда жетекшілері қатысушылардың Абай оқулары өткізілетін жерге барар жолда, оның өту барысында және тұрғылықты жеріне қайтар жолда өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жауапты. Жетекшілер білім ұйымдарының шешімімен тағайындалады. Ережеге сәйкес конкурсқа қатысушы командамен бір ғана жетекші келуі міндеттеледі. Жетекшіден мәдениетті қарым-қатынас, тәртіп сақтау талап етіледі. (Жеке басқа тіл

*тигізуге, мәдениетті ортаға сай емес сөздер айтуға, дәрекілікке жол берілмейді. Жіберуші тараптар осы мәселеге баса назар аударулары керек.)*

### **III. АБАЙ ОҚУЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

#### **1. Абай оқулары 3 кезеңде өткізіледі:**

Бірінші кезең – аудандық (қалалық) білім басқармалары өткізеді;

Екінші кезең – облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары, ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» өткізеді;

Үшінші кезең – республикалық, қорытынды. Абай оқуларының қорытынды кезеңіне әр өңірден 6 оқушы (6 номинация бойынша) қатысады.

#### **2. Абай оқулары 6 номинация бойынша өткізіледі:**

1) **«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»** номинациясы – Абай өлеңдерін жатқа оқу конкурсы. Қазылар алқасы бұл номинацияда оқушы жатқа білетін Абай шығармаларын мәнерлеп оқуына және санына байланысты бағалайды.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жаттау керек (қанша өлең жаттағанының санын сұрайды, өлеңнің кез келген жерінен үзінді сұрайды, өлеңге қатысты тілдік, әдеби тұрғыдан сұрақтар қояды. Сұрақтарға берілген жауаптың дұрыстығы, жан-жақтылығы да ескеріледі)

2) **«Абайдың қара сөздері»** номинациясы бойынша Абай қарасөздерін жатқа, мәнерлеп оқу. Бұл номинацияда Абай қарасөздерін толық біліп, семантикалық ерекшеліктерін түсінуі, талдай алуы бағаланады.

Абай Құнанбайұлының Қарасөздерін мазмұнын түсіне отырып жаттау керек (қанша қарасөз жаттағанының санын сұрайды, кез келген жерінен үзінді сұрайды, қарасөздерге қатысты сұрақтар қояды. Сұрақтарға берілген жауаптың дұрыстығы, жан-жақтылығы ескеріледі)

3) **«Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары»** номинациясы бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармаларын жатқа оқу. Бұл номинация шығарма мәтіндерін жатқа, мәнерлеп айтуы, толық білуі, саны, қазылар алқасы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруімен бағаланады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлының өлеңдерін, поэмаларын жаттау керек (қанша өлең жаттағанының санын сұрайды, өлеңнің немесе поэманың кез келген жерінен үзінді сұрайды)

4) **«Көңілім әнді ұғады»** номинациясында оқушының Абай және Шәкәрім әндері мен күйлерін орындау шеберлігі бағаланады. Номинацияда орындалған өнер туындыларының қайталанбауы шарт. Ол үшін әр оқушы кем дегенде үш шығармаға дайындалып келуі керек.

Абай және Шәкәрім әндері мен күйлерін орындауға дайындалу керек. Орындау шеберлігі, мәнері, музыкалық сауаттылығы ескеріледі.

5) **«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда»** номинациясы бойынша оқушылардың өз өлеңдері бағаланады. Бір өлеңі оқылады. Қажет болған жағдайда қазылар алқасы тарапынан тапсырма ұсынылады.

Қатысушы өзінің бір өлеңін оқиды, басқа өлеңдерін алып келуі керек. Өлеңнің көркемдік мазмұны, тілі, ойы, көркемдік-бейнелілік тәсілдерін қолдану ерекшелігі, талапкердің ақындық қабілеті ескеріледі.

б) «Сөз өнеріндегі ұлы Абай бейнесі» номинациясы бойынша оқушы Абай туралы көркем туындыларды толық білуі, талдау жасай алуы керек. Қазылар алқасы тарапынан сұрақтар ұсынылып, берілген жауап бағаланады.

Абай туралы көркем шығармаларды (Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Кәмен Оразалиннің «Абайдан соң» романдары, поэзиялық, драмалық, прозалық туындылар) толық білуі, сол көркем туындылардағы Абай бейнесінің көрінуіне талдау жасай алуы керек.

Оқушы:

- прозалық және драмалық туындылардың мазмұнын толық білу, шағын поэзиялық шығармаларды жатқа айтуы;
- сөз өнеріндегі Абай туралы шығармаларға байланысты қазылар алқасы тарапынан қойылған сұрақтарға дұрыс, толық, жан-жақты жауап беруі;
- әдеби талдау жасай алуы, туынды авторының Абай болмысын танытудағы және даралаудағы шеберлігін, қолданған көркемдік амал-тәсілдері туралы теориялық анықтамаларды білуі керек.

**3. Абай оқуларының өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.**

Ұйымдастыру комитеті Абай оқуларының қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуде тікелей басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын, қатысушылардың тізімін, конкурстың өткізу бағдарламасын бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

**4. Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, белгілі жазушы, журналистер, білім беру ұйымдарының білікті мұғалімдері кіреді.**

Қазылар алқасы қатысушылардың білімі мен өнерін бағалайды, ұйымдастыру және өткізу барысындағы мәселелерді талқылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

Абай оқуларын өткізу туралы ақпараттық хат және өткізілу Ережесі [www.daryn.kz](http://www.daryn.kz) сайтында орналастырылады.

5. Абай оқуларының қорытынды кезеңіне тіркелу және қатысуы жөнінде сұраныс хатты облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Республикалық білім беру ұйымдары ұйымдастыру комитетіне конкурстың өткізілуіне 20 күн қалғанға дейін жіберу қажет.

**Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:** Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, «Алтын Орда» бизнес орталығы, 308 каб., тел: +7 (7172) 79-58-73, e-mail: [info@daryn.kz](mailto:info@daryn.kz).

#### IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

1. Абай оқуларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері бекітілген критерийлер бойынша *(1-қосымша)* анықталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің саны әр бағыт бойынша қатысушылардың жалпы санының 45% құрайды.

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен *(астында дайындаған ұстазының аты-жөні жазылған)*, дәрежеге сәйкес алтын, күміс, қола медальдарымен және «Дарын» РҒПО-ның дипломдарымен *(номинация бойынша)*, грамоталарымен марапатталады.

Дипломдардың саны келесі пропорция бойынша анықталады: I дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 20%-ы, II дәрежелі – 30%-ы, III дәрежелі – 50%-ы марапатталады.

3. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын қатысушы сертификаты беріледі.

#### V. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1. Абай оқулары бекітілген сметаға сәйкес қаржыландырылады.

2. Республикалық кезеңнің қатысушылары мен ілесіп жүретін жетекшілердің жол шығындары жіберуші тараптың есебінен төленеді.

3. Ілесіп жүретін жетекшілердің іссапар шығындары *(жатын орны мен тамақтануы)* жіберуші тараптың есебінен төленеді.

## БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

1 НОМИНАЦИЯ: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы – Абай өлеңдерін жатқа оқу конкурсы. (Қазылар алқасы бұл номинацияда оқушы жатқа білетін Абай шығармаларының санына байланысты бағалайды).

- *Жаттаған өлеңдер санының көп болуы (10 ұнай)*
- *Мәнерлеп оқуда ырғақ, интонацияны сақтауы, өзін өзі ұстау мәдениеті, оқу мәнерінің өлең мазмұнымен сәйкестігі (10 ұнай)*
- *Өлеңді жаңылмай, мүдірмей жатқа оқуы және қойылған сұрақтарға дұрыс, нақты және толық жауап беруі (10 ұнай)*

2 НОМИНАЦИЯ: «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Абайдың қара сөздерін жатқа, мәнерлеп оқу. Бұл номинация бойынша Абайдың қарасөздерін толық білуі бойынша бағаланады.

- *Абайдың 45 (қырық бес) қара сөзін толық білуі (10 ұнай)*
- *Мәнерлеп оқуда ырғақ, интонацияны сақтауы, өзін өзі ұстау мәдениеті, оқу мәнерінің қара сөз мазмұнымен сәйкестігі (10 ұнай)*
- *Қара сөздерді жаңылмай, мүдірмей жатқа оқуы, қойылған сұрақтарға дұрыс, нақты және толық жауап беруі (10 ұнай)*

3 НОМИНАЦИЯ: «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» номинациясы бойынша Шәкерім Құдайбердіұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармаларын жатқа оқу. Бұл номинация бойынша шығарма мәтіндерін жатқа, мәнерлеп айтуы, толық білуі бойынша бағаланады.

- *Жатқа оқитын шығармаларын толық білуі, шығармалар саны (10 ұнай)*
- *Мәнерлеп оқуда ырғақ, интонацияны сақтауы, өзін өзі ұстау мәдениеті, оқу мәнерінің өлең мазмұнымен сәйкестігі (10 ұнай)*
- *Шығармаларды жаңылмай, мүдірмей жатқа оқуы және қойылған сұрақтарға дұрыс, нақты және толық жауап беруі (10 ұнай)*

4 НОМИНАЦИЯ: «Көңілім әнді ұғады» номинациясы – оқушының Абай мен Шәкерімнің әндері мен күйлерін орындау шеберлігі бағаланады.

- *Орындаушылық шеберлігі, музыкалық сауаттылығы (10 ұнай)*
- *Дыбыс тазалығы (10 ұнай)*
- *Дауыс көлемі (10 ұнай)*

5 НОМИНАЦИЯ: «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы – оқушылардың өз өлеңдері бағаланады.

- *Өлеңнің көркемдігі, идеясы, мазмұны (10 ұнай)*
- *Өлеңнің құрылысы, буын-бунақтары мен ұйқас үйлесімі (10 ұнай)*
- *Автордың өз өлеңін оқу шеберлігі, мәнері, өзін өзі ұстау мәдениеті (10 ұнай)*

6 НОМИНАЦИЯ: «Сөз өнеріндегі ұлы Абай бейнесі» номинациясы бойынша оқушы Абай туралы көркем туындыларды толық білуі, талдау жасай алуы керек. Қазылар алқасы тарапынан сұрақтар ұсынылып, берілген жауап бағаланады.

- Абай туралы көркем шығармаларды (проза, поэзия, драма жанралындағы) оқуы, түсінуі, мазмұнын толық білуі, поэзия туындыларын жатқа білуі, оқыған шығармалар санының көп болуы **(10 ұнай)**
- Әдеби талдау жасау, туынды авторының Абай болмысын танытудағы және даралаудағы шеберлігін, қолданған көркемдік амал-тәсілдерін білу. **(10 ұнай)**. Талдау көлемді туындылардың бір үзіндісіне, өлеңге толық жасалады.
- Сөз өнеріндегі Абай туралы шығармаларға байланысты қазылар алқасы тарапынан қойылған сұрақтарға дұрыс, толық, жан-жақты жауап беру **(10 ұнай)**